

• АҚОРДА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ РЕФЕРЕНДУМ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖАСАҒАН ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Кеше елімізде айрықша мәні бар тарихи оқиға болды. Мемлекетіміз дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Ата заңымызға ұсынылған өзгерістерді азаматтардың басым көпшілігі қолдады. Референдум жоғары деңгейде өтті. Мұны халықаралық және отандық байқаушылар да айтып жатыр. Конституциялық реформалар қоғамда қызу талқыланды. Дауыс беру барысы демократия талаптарына сай өтті. Ешқандай мәжбүрлік болған жоқ. Референдум нәтижесі саяси жаңғырудың анық символына айналды. Азаматтарымыз зор жауапкершілік танытты және отансүйгіштік қасиетін паш етті. Біз Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы бірлігіміз бекем екенін көрсеттік. Конституциялық түзетулер мемлекетіміздің тұғырнамасын түбегейлі өзгертеді. Бүкіл қоғамның дамуына тың серпін береді. Референдумға белсене қатысып, қолдау білдірген барша халқымызға зор ризашылығымды білдіремін. Сондай-ақ, конституциялық өзгерістердің мән-маңызын түсіндіруге атсалысқан азаматтарға, түрлі қоғамдық ұйымдарға алғыс айтамын.

Референдум еліміздің тарихындағы маңызды белес болды. Ұлтымыздың шынайы өзгерістерге деген дайындығы мен ұйымшылдығын көрсетті. Дауыс беруге азаматтарымыздың белсенді қатысуы қоғамымыздың кемелдігі мен жауапкершілігін білдіреді. Сайлау учаскесіне келіп, елімізді жаңғырту бастамасын қолдағандардың бәріне алғыс айтамын.

Сіздер нағыз патриотизмнің үлгісін көрсетіп, Қазақстанның дәйекті дамуына зор үлес қостыңыздар. Еліміз үшін осы бетбұрысты сәтте заңды құқықтарын пайдаланып, өздерінің ұстанымдарын айтқан бүкіл азаматқа ризашылығымды білдіремін.

Ата заңға өзгерістер енгізу реформаларымыздың соңғы сатысын емес, енді басталғанын білдіреді. Біз елімізді жан-жақты жаңғыртуды жалғастырамыз. Жаңартылған Конституция негізінде биліктің барлық институты қызметінің мейлінше тиімді моделін қалыптастырамыз. Олардың арасындағы үйлесім мен тепе-теңдік механизмін нығайтамыз. Дәйекті саяси жаңғыру ұлттық экономиканы дамытуға, ұлттық кәсіпкерлікті нығайтуға ықпал етеді. Енді біздің алдымызда ашық әрі әділетті экономика құрып, заңнамаға реформа жүргізу міндеті тұр. Қолдан жасалған монополиаларды түбегейлі жойып, сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қою маңызды. Біз кәсіпкерлердің бастамаларына қолдау көрсетіп, жекеменшікті сақтап, бәсекелестікті күшейтуіміз керек. Алдымызда экономиканы шынайы әртараптандыру бойынша ауқымды жұмыстар тұр. Жоғары өнімді ауыл шаруашылығы мен қуатты көлік-логистика жүйесін дамыту, барлық салада цифрлық экожүйе қалыптастыру үшін шаралар қабылдау қажет. Еліміздің орнықты дамуының негізгі қозғаушы күші еңбек, білім және азаматтық белсенділік болуға тиіс. Тек сонда ғана өзін-өзі қамтамасыз ететін орта тап пен тиімді экономика қалыптастыра аламыз. Бұндай экономика кірісті әділетті бөлуге, сапалы жұмыс орнын ашуға, тұрмыс сапасын тұрақты арттыруға және барлық азаматтардың толыққанды жетілуіне мүмкіндік береді. Мемлекеттік аппаратты жаңғыртып, бюрократиядан барынша арылту үшін жүйелі жұмыс жалғасады.

Біз қоғамның барлық өкілдерінің талап-тілектеріне жауап беретін озық мемлекет құруымыз керек. Басқару жүйесінің тиімділігі жұмыстың барысымен емес, түпкі нәтижемен өлшенетін болады. Мемлекеттік аппарат бизнеспен, үкіметтік емес ұйымдармен және азаматтармен тығыз жұмыс істеуге баса назар аударуға тиіс. Сол арқылы ел мүддесіне сай тиімді шешімдер қабылданып, халыққа көрсетілетін қызмет сапасы жақсара түседі. Мемлекеттік қызметкерлер барынша ашық жұмыс жүргізіп, халыққа шынайы есеп беруі керек. Мемлекеттік қызмет дегеніміз – жеке бастың бақ-дәулетін арттыратын жер емес. Бұл – туған

халқының алдында айрықша жауапкершілік арқалау деген сөз.

Конституциялық реформа бүкіл құқық саласын жаңғыртуға жол ашады. Парламент пен Үкімет Конституцияға енгізілген өзгерістерге сай Заңнамаға тиісті өзгертулер енгізуі қажет. Қазақстанда тиімді құқық қорғау және сот жүйесін құруға мүмкіндік беретін реформалар әзірленуге тиіс. Мұны әлемдік тәжірибені ескере отырып жүзеге асырған жөн. Біз қоғамның және бизнес өкілдерінің өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға сұранысы арта түскенін көріп отырмыз. Елімізге азаматтар мен кәсіпкерлерді барынша қорғайтын құқық жүйесі қажет. Заңнамада мемлекетіміздің тұрақты дамуын тежейтін ешбір кедергі қалмауға тиіс. Заман талабына сай келмейтін және күмән туғызатын нормалардың бәрі күшін жоюға тиіс.

Еліміздің экономикалық ресурстарын шағын ғана топтың қолына шоғырландырып, оларға артықшылық берген заңнаманы қайта қарау қажет.

Елден жылыстатылған қаржыны және заңсыз жекешелендірілген активтерді мемлекеттің иелігіне қайтару жөнінде Мекемеаралық комиссия құрылды. Бұл үшін мен арнайы Жарлыққа қол қойдым. Біз адам құқығы мен бостандығын қорғау жүйесін кешенді түрде күшейтуге негізделген бағдарымызды жалғастыра береміз. Құқықтық реформа аясында Конституциялық сот қайта құрылады. Оның қаулыларына жедел әрекет ету тетігін енгізу қажет. Сонда азаматтарымыз осы аса маңызды институт қызметінің пайдасын сезіне алады. Жаңа, Әділетті Қазақстанда полицейлердің озбырлығына, біліксіз прокурорлар мен біржақты судьяларға жол берілмейді. Қоғам құқық қорғау және сот жүйесінің шын мәнінде өзгергенін қалайды.

Мен елімізді дамытудың осы және басқа да мәселелері бойынша нақты шешімдерді қыркүйек айында өтетін Парламенттің кезекті сессиясының ашылуында айтамын.

Қастерлі Тәуелсіздігімізді, ел бірлігін және қоғамдық келісімді нығайту – біздің негізгі міндетіміз. Бұл реформалар құр атақ-абырой үшін қолға алынған жоқ. Мұның бәрін Жаңа, Әділетті Қазақстан құру үшін жасап жатырмыз. Халқымызда «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» деген сөз бар. Бабаларымыз маңызды мәселені алқалы жиында шешкен. Мен осы дәстүрді жаңғыртып, Ұлттық құрылтай құру туралы бастама көтердім. Оған қоғамның түрлі топ өкілдері, беделді әрі белсенді азаматтар шақырылады. Құрылтайдың алғашқы отырысы ұлт ұясы – Ұлытауда өткізіледі. Осылайша, азаматтардың мемлекет ісіне атсалысу мүмкіндігі арта түседі. Шын мәнінде, елімізді тағдыры – әрқайсымыздың қолымызда.

Біз қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін түбірімен жаңғырта білуіміз керек. Сонда ғана барлық салада түбегейлі өзгеріс жасай аламыз. Жаңа Қазақстанның ең басты байлығы – халық. Ал, ең негізгі мақсаты – азаматтардың бақытты өмір сүруін қамтамасыз ету. Әрбір азаматымыз саяси өзгерістер мен экономикалық өсімнің жемісін көруі қажет. Құрғақ уәде мен бос сөз ешқайда апармайды. Мен үшін нақты іс пен шынайы өзгеріс бәрінен маңызды.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бар күш-жігерімді саламын. Референдум қорытындысы біздің мемлекеттігіміздің тарихында мүлде жаңа дәуір басталғанын көрсетеді. Халқымыз өз таңдауын білдіру арқылы түбегейлі бетбұрыс жасауға ұмтылысын көрсетті. Жасампаз ел болуға деген ықылас-ынтасын байқатты. Елімізді дамыту үшін әлі де көп жұмыс атқаруымыз керек. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін. Бүгін тәуелсіз Қазақстанның даму тарихында жаңа дәуірге жол ашылды. Осы жолда бірлігіміз әрдайым бекем болсын! Жаңа Қазақстанды бәріміз бірге өркендетейік, ағайын!

2022 жылғы 6 маусым akorda.kz



РЕФЕРЕНДУМ - БОЛАШАҒЫМЫЗ

Біз жаңа Қазақстанның тарихи бастауының қарсаңында тұрмыз. Референдум өткен күні еліміздің болашағына бей-жай қарамай, азаматтық тұрғыда белсенділік танытқан тайыншалықтар мен кейінгі толқын, жастарды көру, әлбетте, қуантарлық жағдай. Себебі референдум болашағымызға тікелей әсер ететін маңызды қадам. Конституциялық реформалар бойынша өткізілген референдумның қорытындысы бойынша Тайынша ауданында 25 мыңнан астам сайлаушы дауыс беруге қатысты. Референдум күні таңғы сағат 6-дан 65 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Ашылған сәттен бастап референдум учаскелерінде "AMANAT" партиясының өкілдері, дауыс беру процесін ұйымдастыруды бақылайтын тәуелсіз бақылаушылар болды. Барлық сайлау учаскелерінде санитарлық қауіпсіздіктің барлық талаптары сақталғанын да айта кеткен жөн деп санаймын. Дауыс беру учаскелерінде сайлау процесі қандай да бір бұзушылықсыз, ашық өтті. Осылайша, Қазақстанның болашағына бей-жай қарамайтын жерлестеріміз асқан белсенділік танытып, маңызды саяси процеске белсене қатысты.

Мереке ХАМЗИН,

"AMANAT" партиясы Тайынша аудандық филиалының атқарушы хатшысы.

«КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ: ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ».

Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу бағытында өткен референдум өз мәрсесіне жетті. Ата заң бұған дейін де талай рет өзгерген. Бірақ, ешкім қарапайым халықтың пікірін сұрамаған еді. Парламент қарауына ұсынып, депутаттардың «бір ауыздан» мақұлдауымен өзгертін. Шыны керек, осы жолы да солай болады деген пікірлер болды. Бірақ, Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХА сессиясында Ата заңға енетін өзгерістерді жалпы халықтың таңдауына беріп, референдум өткізуді ұсынған ойы іске асты. Мемлекет басшысы өз ұсынысында «Біз Екінші Республиканы бірге құрамыз, Жаңа Қазақстанды бірге өркендетеміз! Әр азаматқа бірдей мүмкіндік беретін әділ әрі дамыған мемлекет боламыз!» деп атап өткен болатын. Қазір елімізде Жаңа Қазақстанға жол ашатын маңызды саяси реформалар қолға алынуда. Мемлекетімізде қабылданып жатқан шешімдер өте маңызды. Болашағымызды айқындайтын бүгінгі жалпыхалықтық референдум тікелей халықтың қолдауымен, қоғаммен санасы арқылы жүзеге асырылып жатыр. Сондықтан мен референдумға №40 сайлау учаскесінде өз таңдауымды жасадым. Конституциялық Референдум: қоғам дамуының болашағы екеніне сенемін. Жастар, Алға! Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік!

Гүлнұр БАТАЕВА,

аудандық мәслихат депутаты.

МЕН ӨЗ ТАҢДАУЫМДЫ ЖАСАДЫМ

Референдум дегеніміз халықтың саяси еркін ойын білдіретін құрал. Осыны ескере отырып, кешегі жарияланған саяси жаңаруды жұртымыз тікелей түсініп, өз болашағы өз қолында екенін сезіну үшін, бүгін бізге осындай зор тарихи мүмкіндік беріліп отыр деп есептеймін. Біз осы мүмкіндікті барынша ұтымды пайдаланып, демократиялық жаңғыру жолына түссек екен деген тілегім бар. «AMANAT» партиясының белсенді мүшесі ретінде мемлекет басшысының бастамаларын толық қолдаймын. Барша қазақстандықтар еліміз, болашағымыз үшін тарихи бетбұрысқа бастайтын маңызды шараға, халық үніне құлақ асуға негізделген халықтық референдумға белсене қатысты, маусымның бесінші жұлдызында мен де өз таңдауымды жасадым.

Зура ХАМИТҚЫЗЫ,

№1 орта мектебінің қазақ тілі пәні мұғалімі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

Тайыншалықтар айтулы датаны салтанатты түрде атап өтті. Жыныда қазақ елі үшін құнды нышандардың маңыздылығы айтылды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне арналған қоғамдық іс-шараға аудан әкімі Р.Ә.Аңбаев қатысты. Қазақстан Республикасының Әнұраны салтанатты түрде орындалды. Аудан әкімі Р. Ә. Аңбаев барлық тайыншалықтарды мерейтоймен құттықтады. Сондай-ақ, «Қазақ тілі» этно-мәдени бірлестігінің мүшесі, Теңдік орта мектебінің директоры С. Д. Шаймерденов, «АМАНАТ» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы М. Ж. Хамзин, гір спорты бойынша Азияның төрт дүркін чемпионы В. Федоровский, еріктілер қозғалысының белсендісі М. Стрелко және Дельфийлік ойындардың жеңімпазы, «Бала дауысы» республикалық конкурсының финалисі А.Ташмаканова құттықтау сөз сөйледі. Мерекелік іс-шара ән-жырға ұласты.

* * * * *

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Құрметті тұрғындар! Солтүстік Қазақстан облыстық телерадио хабарларын тарату Дирекциясы, 2022 жылғы 13-17 маусым аралығында

Нұр-Сұлтан қаласы уақыты бойынша сағат 9:00-ден 17:00-ге дейін Петропавл РТС-те техникалық жұмыстар жүргізілетінін хабарлайды. Жұмыстар жүргізілген уақытта Цифрлық эфирлік телевизия мен радиохабар тарату тоқтатылады. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз.

Анықтама телефондары: 8 (7152) 55-14-44, 36-04-70.

* * * * *

«ҮЗДІК АУЫЛ ӘКІМІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОНКУРСЫН
ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 қазандағы № 167-р өкімімен қабылданған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын Ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған жол картасының 82 тармағына сәйкес «Үздік ауыл әкімі» республикалық конкурсының басталғандығы туралы хабарланады.

Конкурсты өткізу кезеңі: 2022 жылдың маусым-қазан айлары.

Конкурсқа қатысуға мемлекеттік қызметте әкім лауазымында үш жылдан кем емес өтілі бар, Әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны, мемлекеттік қызметке кір келтіретін қылығы үшін алынбаған тәртіптік жазалары жоқ, сондай-ақ соңғы 1 жылда қоғамда теріс пікір тударатын әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған, 2021 жылға «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау қорытындысы «тиімдіден» төмен емес бағаланған кент, ауыл, ауылдық округ әкімдері кент, ауыл, ауылдық округтарда әкім лауазымында бір жылдан кем емес еңбек өтілі бар, сондай-ақ алынбаған әкімшілік және тәртіптік жазалары жоқ ауыл әкімдеріне жол беріледі.

Конкурсқа құжаттар 2022 жылдың 10 маусымынан бастап 30 маусымына (қоса есептегенде) дейін қабылданады.

Конкурстың ережесі туралы толық ақпарат Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық Департаментінің және Облыс Әкімдігінің ресми сайтына орналастырылған (Әдістемелік ұсыным сілтемесі).

Конкурс құжаттарын zh.zhusupova@sko.gov.kz эл. поштасына жолдаңыз.

Конкурсты ұйымдастыруға байланысты қосымша сұрақтар бойынша 8 (71536) 21426 тел. нөміріне хабарласуға болады.

* * * * *

ЗАҢНАМАҒА ӨЗГЕРІСТЕР

Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының концепциясы шеңберінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнамалық актілерге және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарлануда. Көрсетілген консультативтік құжаттар жария талқылау үшін «Ашық НҚА» интернет-порталында, сондай-ақ Агенттіктің интернет-ресурсында орналастырылатын болады.

Консультативтік құжаттарды талқылау мерзімі он бес жұмыс күнін құрайды және ағымдағы жылдың 2 маусымына дейін жалғасады.

Агенттік азаматтарға консультативтік құжаттарды көпшілік алдында талқылауға белсенді қатысуды сұрайды.

Сіздің пікіріңіз біз үшін өте маңызды.

Толығырақ: https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorrupti on/press/news/details/368275?lang=kk

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

Қазіргі кезде әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланысты, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл - «...жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу». Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық - бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Жемқорлықты жеңу Қазақстан үшін мемлекеттік саясаттың

негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Сол себепті еліміздің тұңғыш президент өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында сыбайлас жемқорлықты мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер ретінде атап көрсетті. Стратегияда көрсетілгендей, сыбайлас жемқорлықпен күресу емес, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл деп айтамыз. Демек, мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты кінәлілерді анықтап, олардың жауапкершілігін қараумен ғана шектелмей, жалпы сыбайлас жемқорлықтың себептерін анықтап, оның алдын алуды жүзеге асыруға бетбұрыс жасады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңды жүзеге асыратын уәкілетті орган ретінде жаңа ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылды. Яғни, идеологиялық жағынан да, нормативтік-құқықтық жағынан да елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заманауи саясатты жүзеге асыруға толыққанды жағдай жасалған.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін, мемлекет пен азаматтық қоғамның арасында тығыз ынтымақтастықты орнату қажет. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы орган жұмысының негізгі бағыты мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру болып табылады, өйткені бүгінде азаматтардың мемлекеттік органдармен жасайтын кез келген қарым-қатынасы, бір жағынан, сыбайластықтан құрылған қызмет түрін қабылдаумен байланысты.

Қайрош ӘЛНӘЗІРОВ,

Тайынша ауданының №2 аудандық сотының төрағасы.

* * * * *

ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСҚАН КЕЗДЕ
НЕЛІКТЕН ЕҢБЕК ШАРТЫН ЖАСАУ МАҢЫЗДЫ

Қазақстанда мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасындағы жауапкершілікті негізгі, міндетті және ерікті деңгейлерде бөлуді көздейтін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің көп деңгейлі моделі құрылды.

Базалық деңгейде Қазақстан азаматтары еңбек қызметін жүзеге асыруға қарамастан, әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек алады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру 2005 жылдан бастап жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қатерлер туындаған жағдайда әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейі ретінде енгізілді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қаржылық ресурстары жұмыс берушілер жұмыскерлер үшін, сондай-ақ жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын тұлғалар өздері үшін төлейтін әлеуметтік аударымдар есебінен қалыптасады.

Ай сайынғы әлеуметтік аударымдарды жұмыс берушілер Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына (бұдан әрі – Қор) өз қызметкерлері үшін бір ең төменгі жалақы (ЕТЖ) мөлшерінен кем емес және 7 ЕТЖ-дан аспайтын табысының 3,5 % мөлшерінде төлейді. Бұл ретте әлеуметтік аударымдар міндетті зейнетақы жарналары сияқты жұмыскердің жалақысынан ұсталынбай, жұмыс берушілердің қаражаты есебінен төленеді.

Әлеуметтік аударымдардың уақтылы және толық түсуі әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда жұмыскерге Қордан әлеуметтік төлемдер алуға құқық береді.

1. Қордан еңбекке қабілеттіліктен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем бюджет қаражаты есебінен мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Ол жалпы еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін 30%-дан 100%-ға дейін белгілеу кезеңіне төленеді.

2. Қордан асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем бюджет қаражаты есебінен асыраушысынан айырылу бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға қосымша тағайындалады. Ол асырауындағылар 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысанында оқитындарға 23 жасқа дейін жүзеге асырылады.

Сатып алу қабілетін қамтамасыз ету үшін бұл төлемдер жыл сайын ұлғайып отырады. Мәселен, 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап төлемдердің жалпы сомасы өткен жылмен салыстырғанда 9%-ға өсті.

Егер бюджет қаражаты есебінен алушылар үшін ағымдағы жылдың 1-сәуірінен бастап бюджет қаражаты есебінен алушылар үшін мүгедектік бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері 54 608 теңгені құраса, ал Қордан жұмыс істеген азаматтарға төленетін төлемдерді есепке алғанда жалпы сомасы 84 353 теңгені құрады.

Егер бюджет қаражаты есебінен алушылар үшін асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері ағымдағы жылдың 1- сәуірінен бастап 45 627 теңгені құраса, ал Қордан төленетін төлемдерді есепке алғанда жалпы сомасы 76 443 теңгені құрады.

Осылайша, жұмыс істейтін халық үшін бұл төлемдердің орташа мөлшері жұмыс істемеген алушымен салыстырғанда шамамен 30 мың теңгеге жоғары.

3. Қордан жұмысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жұмыстан босату себептеріне қарамастан

тағайындалады. Төлем құқығы жұмыспен қамту орталығы немесе «Электрондық еңбек биржасы» порталы (enbek.kz) арқылы жұмыссыз ретінде тіркелген күннен бастап туындайды. Төлем мөлшері соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40% құрайды және міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін тағайындалады. 2021 жылы республика бойынша 105 564 адам 16,2 млрд. теңге, ал Солтүстік Қазақстан облысында 3 274 адам 331 млн. теңге сомасында төлем алды.

Ана мен баланы қолдау мақсатында жұмыс істейтін әйелдер үшін Қордан әлеуметтік төлемдер қарастырылған.

4. Жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем жүктілік және босану бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парағы негізінде берілген демалыстың барлық күндеріне тағайындалады. Төлем мөлшері соңғы жылдағы орташа айлық табысқа және еңбекке уақытша жарамсыздық күндерінің санына байланысты. 2021 жылы республика бойынша 225 489 адам 123,6 млрд теңге, ал Солтүстік Қазақстан облысында 3 721 адам 1 756 млн. теңге сомасында төлем алды.

5. Бала 1 жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда ай сайынғы әлеуметтік төлем бала туған күннен бастап тағайындалады. Төлем мөлшері соңғы 2 жылдағы орташа айлық табыстың 40%-ын құрайды. Екі немесе одан да көп бала туған кезде төлем әр балаға бөлек тағайындалады. 2021 жылы республикада 662 761 адам 154,5 млрд теңге, ал Солтүстік Қазақстан облысында 10 455 адам 3 326 млн. теңге сомасында төлем алды.

Жалпы, 6,6 миллионға жуық адам міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылар болып табылады. 2021 жылы 1,1 миллионнан астам адам 340 миллиард теңгеге жуық, ал Солтүстік Қазақстан облысында 22 011 адам 5,3 млрд. теңге сомасында төлем алды.

Міндетті әлеуметтік сақтандыруда жұмыс берушілердің Қорға әлеуметтік аударымдарды уақтылы және толық төлеуі маңызды фактор болып табылады, өйткені төлемдердің мөлшері жүйеге қатысу ұзақтығына және табыс деңгейіне тікелей байланысты. Осыған байланысты, әлеуметтік тәуекелдер туындаған жағдайда әлеуметтік төлем тағайындауға өтініш берердің алдында egov.kz электрондық үкімет порталы арқылы немесе «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына (Халыққа қызмет көрсету орталықтары) немесе Қордың филиалдарына жүгіну арқылы әлеуметтік аударымдардың Қорға дұрыс және уақтылы түсуін тексеруді ұсынамыз.

Осылайша, белгілі бір әлеуметтік тәуекелдер туындаған кезде жұмыс істейтін азаматтар жұмыс істемейтін азаматтарға қарағанда мемлекеттік жәрдемақы және Қордан әлеуметтік төлемдер ала отырып артықшылыққа ие болады. Осыған орай, еңбек шартының болуы жұмыс істейтін азаматтарға тек еңбек қана емес, сонымен қатар әлеуметтік тәуекелдер туындағанда әлеуметтік кепілдіктер береді.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толығырақ ақпаратты Қордың gfss.kz интернет-ресурсы арқылы алуға болады.

А.С. ЖҮНІСОВА,

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ филиалының директоры.

• Көпшілік Назарына

ЭХИНОКОККОЗДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Эхинококкоз - эхинококк тұқымдасының ұсақ таспа құрттары тудыратын паразиттік ауру. Гельминттердің даму циклі екі иесінің ауысуымен жүреді: аралық (тұяқты шөпқоректілер мен барлық қоректілер, соның ішінде ауыл шаруашылығы жануарлары және адамдар) және соңғы (ит және ит тұқымдас жабайы жыртқыштар – қасқыр, шақал, енот ит және т.б.).

Ауру адам немесе ауылшаруашылық жануары басқа адамның ауруына себеп бола алмайды.

Тәуекел тобына аңшылар, бақташылар, аң терісі фермаларының, мал фермаларының, зоопарктердің қызметкерлері, ветеринарлар, иттерді аулаумен айналысатын адамдар, ит иелері, қорық қызметкерлері, яғни жабайы тұлкілермен, үй иттерімен байланыста болған барлық адамдар және эхинококты жұқтырған жабайы кеміргіштерді, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерін аулауға мүмкіндігі бар мысықтар жатады.

Адамдарда эхинококкоз көптеген айлар, тіпті жылдар бойы симптомсыз болуы мүмкін. Дернәсілдік формалардың өте баяу өсуіне және организмнің жоғары компенсаторлық және қорғаныш қасиеттеріне байланысты. Эхинококкозбен ауырған науқастардың барлығы мал сою өнімдерімен қоректенетін аула иттерімен байланыста болған, үй жануарларын дегельминтизациялау мүлдем жүргізілмеген немесе жүйелі түрде жүргізілмеген. Эхинококк адамның барлық дерлік мүшелері мен тіндерінде локализациялануы мүмкін, бірақ көбінесе бауырда кездеседі.

Бауырдың ұлғаюуы, көптеген пациенттер кездейсоқ өздерін ашады, бұл толық денсаулық арасында көрінеді. Көбінесе эхинококкпен бауырдың зақымдалуы бауыр түтіктерінің паразиті арқылы қысымды пальпациялау арқылы анықталады немесе эхинококк кистасының мазмұны оларға еніп кетсе, сарғаю пайда болады. Эхинококк кистасы жарылған кезде оның ішіндегі сыртқа төгіліп, іш қуысына егуі мүмкін. Кейінірек іш қуысы мүшелерінің көптеген эхинококктарын тудырады. Сондай-ақ кистаның іріңдеуі, перитониттің дамуы, анафилактикалық шок, тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

Иттердегі эхинококкоздың алдын алу үшін қажет:

- домалақ және таспа құрттарға қарсы кең спектрлі препараттарды қолдана отырып, иттерді мерзімді дегельминтизациялауды жүргізу;
 - гельминттердің жұмыртқаларын анықтау үшін иттерге зерттеу жүргізу;
 - иттерге гельминттердің аралық иесі болып табылатын жануарлардың шикі органдарын тамақтандыруға жол бермеу;
 - Иттердің еркін жүгіруіне жол бермеңіз.
- Адамдарда эхинококкоздың алдын алу үшін мыналарды ұсынамыз:
- итпен қарым-қатынаста жеке гигиена ережелерін сақтау;
 - шикі тұтынылған жидектерді, жемістер мен көкөністерді жуу;
 - ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткен ауыл шаруашылығы жануарларының сою өнімдерін азық-түлікке пайдалану;
 - ауыл шаруашылығы өнімдерін қолдан сатып алудан бас тарту.

Ауыл шаруашылығы жануарларын ұстайтын азаматтарға: ауыл шаруашылығы жануарларын союды ескертеді

мал сою пунктінде ветеринариялық маманның бақылауымен, сою өнімдерін міндетті ветеринариялық-санитариялық сараптаумен жүргізілуі тиіс.

Марат ТОКУЖИНОВ,

«Тайынша ауданының Ветеринарлық станциясы»

ШЖҚ МКК директоры.

* * * * *



АЛАЯҚТАР СІЗДІҢ БАЛАҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ АЛДАУЫ МҮМКІН

Балалары арқылы қаржылық алаяқтар ата-аналарының ақшасына қол жеткізуге тырысады. Олар әртүрлі қақпан құратын оқиғалар ойлап тауып, баланы сол жерге алдап тартуға тырысады.

Оларды толығырақ қарастырып, ересектерге қауіптерді азайту және балаларын қаскүнемдерден қорғау туралы кеңестер береді.

Онлайн-қақпандар

«Касперский зертханасы» жас пайдаланушылардың онлайн режиміндегі мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу үшін әртүрлі елдерден болатын балалары бар 500 отбасына сауалнама жүргізді. Зерттеу нәтижелері бойынша әрбір бесінші бала желіде бейтаныс ересектерден дос болуға шақыру алады. 13 пен 15 жас аралығындағы жасөспірімдер киберқауіптерге әсіресе осал, себебі бұл жаста олар интернетте ең белсенді және ата-аналардың бақылауы әлсірейді. Бұл ретте егер бала интернет-алаяқтық жағдайларына тап болса, онда ата-аналар олардың жартысы туралы ғана білетіні сауалнамадан белгілі болды.

Бүгінгі таңда көптеген ересектер балаларына интернетке еркін қол жетімділікті ұсынады, онда олар өздерін сенімді сезінеді және әрқашан туындауы мүмкін қауіпті түсінбейді.

«Бақыт хаттары»

Бала электронды пошта арқылы, әлеуметтік желілерде, SMS немесе мессенджер арқылы ақшалай сыйлық ұтқаны, Мальдив аралына ата-анасымен бірге жолдама ұтқаны, оны ақшаға айырбастауға болатындығы немесе Африкадағы бай ағасының мұрагері болғандығы туралы хабарлама алуы мүмкін. Өз келісімін растау үшін ол сілтеме бойынша өтіп, тіркелуі тиіс. Сауалнамада өзіңіздің жеке деректеріңізді, оның ішінде кез келген қолда бар төлем картасының нөмірін, оның қолданыс мерзімін және артық жағындағы үш таңбалы кодты көрсету талап етіледі. «Бақыт хаттары» авторына бұл ақпарат сізге ақша жіберу үшін қажет-мыс.

Егер сіздің ұлыңыз немесе қызыңыз қаскүнемдерге дербес және төлем деректерін берсе, алаяқтар оларды пайдакүнемдік мақсатта қолдануы мүмкін және нәтижесінде ересектердің ақшасына қол жеткізе алады.

Адамдарға көмек

Әлеуметтік желіде сіздің балаңыздың танысының парақшасында қайғылы хабарлама пайда болады, онда ол оған қолдау көрсетуді және мүмкіндігінше банктік шотқа немесе электрондық әмиянға ақша жіберуді сұрайды. Немесе, мысалы сіздің балаңыздың сыныптасы балаңызға WhatsApp арқылы хабарласып, жақын адамының апатқа ұшырағанын немесе өзінің ауыр сырқатқа шалдыққанын айтып немесе жай ғана қарызға ақша сұрауы мүмкін, бірақ ол бұл туралы ешкімге айтпауды сұрайды.

Егер де сіздің балаңыз алаяқтың өтінішін орындап, сізден жасырын, өз еркімен оларға ақша аударса, онда оларды қайтару мүмкін болмайды. Сондай-ақ, сіздің ұлыңызға немесе қызыңызға мүлдем бөтен адамдар жаза алады, олар онкологиялық дертке шалдыққан балалардың суреттерін салып, хабарлар тарату арқылы баланың аяушылық сезімін тудырып, сол арқылы қайырымдылық жасауға деген ниетін оятады. Оның алаяқ екенін не еместігін олардан құжаттардың толық пакетін сұрату арқылы ғана білуге болады, оны түсінуге ата-аналары көмектеседі.

Ғажайып қосымша

Алаяқтар сіздің балаңыздың гаджетіне жылдам баюға немесе кез келген адамның орналасқан жерін бақылауға мүмкіндік беретін геймерге немесе сервиске арналған қосымшаның жарнамасы бар сілтеме жіберуілері мүмкін. Ең бастысы, бұл мобильді қосымша бірегей болып табылады және оны сілтеме арқылы тегін жүктеп алуға болады.

Егер бала күмәнді бағдарламалық жасақтаманы жүктесе, екіншіше орай, бұл жеке ақпаратты үшінші тұлғаларға бере алатын, балаңыздың жүрген жерін қадағалайтын және телефондағы басқа қосымшаларды басқара алатын шпиондық бағдарлама екенін бірден түсінбейді. Сонымен қатар, балалардың барлығы дерлік өздерінің гаджеттерін пайдаланылмаған бағдарламалардан тазаламайды, бұл алаяқтар үшін өте қолайлы.

Кеңес: балаңызға алаяқтықтың фишинг сияқты түрі туралы айтып беріңіз. Бұл интернет-алаяқтар адамдардан балықшылар секілді құпия ақпаратты аулайтын алаяқтық түрі. Бұл үшін қаскөйлер пайдаланушылардың назарын аулайтын және оларды қызықтыра түсетін түрлі сылтаулар ойлап табады. Баланы шынайы өмірде қалай тәрбиелесеңіз, цифрлық кеңістікте де сондай тәрбие берген маңызды. Ол ненің жақсы, ненің жаман екенін, яғни неше түрлі адамдардың болатынын және алаяқтарға сенбеу керектігін түсінуге тиіс. Сондай-ақ, балаға аты-жөні, ЖСН, мекенжайы, оқу орны, картаның деректері, пин-коды және барлық жеке аккаунттардың және электрондық поштаның құпиясөздері секілді мәліметтер құпия болып табылатынын және оларды әсіресе интернет кеңістігінде жариялауға болмайтынын айтып түсіндіріңіз. Әлеуметтік

желілер мен мессенджерлердің барлығында сізді пікірлерде, фотосуреттерде және посттарда белгілеуге тыйым салуға болатын қауіпсіздік теңшеулері бар.

Балаңызға бейтаныс адамдардан келген күмәнді сілтемелер арқылы өтпеуін, интернеттегі ең жақын деген достарынан келіп түскен ақпаратты жай ғана оларға қоңырау соғу арқылы әрдайым қайта тексеріп отыруын, тексерілмеген дереккөздерден бейтаныс, лицензиясы жоқ қосымшаларды жүктемеуін ескертіңіз!

Телефон алаяқтарының айдалары

Алаяқтар негізінен жорамалдап қоңырау шалады. Олар тұтқаны ересек адам ба әлде бала ма, кім көтеретінін білмейді де, барлығын ойдан шығарады. Егер тұтқаны бала көтеретін болса, алаяқтар мысалға, туыстарының ЖКО-ға түскендігін және оларды ауруханаға алып келгендігін хабарлай алады. Бұл ретте қаскөйлер өздерін көп жағдайда құқық қорғау органдарының, жедел жәрдемнің немесе басқа да ұйымдардың қызметкерлері ретінде таныстырады, олар аса сендіргіш келеді және балаларға психологиялық қысым көрсете алады. Оларды бала және оның ата-аналары, тұрғылықты мекенжайы туралы ақпарат қызықтырады, олар баладан телефонға вирустық қосымшаны жүктеуін сұрауы немесе ата-анасының картасының деректерін немесе бар болса, баланың картасының деректерін айтып беруін сұрауы мүмкін.

Алаяқтар нақты бір адамдарға қатысты әрекет етуі мүмкін. Сіздің картаңызды иемдену мақсатында олар сіздің балаңызға шығып, оған қоңырау шалып, кез-келген ақпаратпен қорқытуы немесе, керісінше, кенеттен ұтысқа ие болғаны туралы жаңалықпен қуандыруы мүмкін. Әлеуметтік инженерлер кез-келген аңызды ойлап тауып, баланы қажетті ақпаратты айтуға мәжбүрлеу үшін бәрін жасайды.

Кеңес: балаларға өздеріне қоңырау шалған бейтаныс адамдарға өздері және жақындары туралы ақпаратты беруге болмайтынын айтыңыз. Заманауи технологиялардың көмегімен алаяқтар өздерін кез-келген адам ретінде таныстырып, кез-келген нөмірді ауыстыра алатынын түсіндіріңіз. Сондықтан, егер сіздің балаңыздың телефонының экранында таныс нөмір шықса, мысалы, досыңыздың немесе туысқаныңыздың, бірақ қоңырау шалушының дауысы нашар естілсе немесе ол бейтаныс адамға тиесілі болса, онда сөйлесуді аяқтау керек. Сандарды өзіңіз теріп, өзіңіз қоңырау шалған дұрыс. Егер сол нөмірден қайта қоңырау түссе, қоңырауды өшіріп тастау керек.

Егер қоңырау шалушылар өздерін банктердің, полицияның, басқа мекемелердің қызметкерлері болып таныстырса және шұғыл түрде әр түрлі әрекеттерді жасауды сұраса, олардың нұсқауларын орындамаңыз. Балалар сізге, ересектерге осындай қоңыраулар туралы айтуды әдетке айналдырсын.

Офлайн тұзақтар

Алаяқтар жазғы демалыс кезінде көптеген балалар үйде ересектердің қарауынсыз қалғанда, коммуналдық қызметтер мен басқа ұйымдардың қызметкерлері болып өздерін таныстырып пәтерлерді аралауы мүмкін. Олар су немесе газ есептеуішінің көрсеткіштерін тексерген болып келеді, алайда шын мәнінде жағдайды байқайды: пәтерде кімнің тұратынын, онда не бар екенін және басқа да нәрселерді бақылайды. Нәтижесінде мұндай «тексерулердің» барлығы пәтерді тонаумен аяқталуы мүмкін.

Кеңес: бәрімізге бала кезімізде айтылған, жартылай ұмытылып қалған қауіпсіздік ережелерін еске түсіру керек: бейтаныс адамдарға есік ашпау, арнайы киімдері мен формаларына қарамастан олармен сөйлеспеу, ата-аналарға бәрін айтып беру.

Егер бала қандай да бір себептермен үйде жалғыз қалса, онда ол ата-анасының, басқа туыстарының, көршілерінің, «102» қызметінің, сондай-ақ уәскелік инспектордың жұмыс және ұялы телефондарын білуі керек.

Алаяқтар балаларды қорқытудың қандай амалдарын қолданады?

1. «Жоқ» деп айтуға қорқу. Кейбір балалар бейтаныс адамдардың өтініштерін орындаудан бас тартуға қорқады, себебі бас тартатын болса өздерін әдепсіз әрі дөрекі деп есептейді. Сондықтан олар алаяқтардың нұсқаулықтарын орындауға келісулері мүмкін.
 2. Жақындарынан айрылып қалудан қорқу. Балалар өздерінің жақын адамы туралы жаман хабар естіген уақытта туындайды. Бала сасқалақтайды және айтқан тілді алатын болады.
 3. Мүмкіндікті жіберіп алудан және ақшадан айрылып қалудан қорқу. Бұл жерде қорқыныштан бөлек тез арада байып кету ниеті де бар. Сондықтан балаға оның жұлде алатынына кепілдік бере отырып, ұтыс ойынына қатысу туралы ұсыныс жасалған уақытта, бала келісуі мүмкін.
- Балаларыңыз сізге әрдайым арқа сүйей алатындарын және сіздің оларға ұрыспайтыныңыз туралы білулері керек. Сіздер бір-бірлеріңізге сенулеріңіз керек. Бұл – ең басты нәрсе!*

АУЫЛДЫҢ АЖАРЫ – ЕСЕЛІ ЕҢБЕКТЕ

Бүгінде көктемгі егіс науқанын қызу бастап кеткен диқандар дала жұмыстарын бел ортасынан асырып үлгерді. Солардың бірі - Рустам Жексенбайұлы Батенов мырза басқаратын

«Дашка-Николаевка СК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Шаруашылықтың жалпы егістік көлемі 14 мың гектар.



Көктемгі егіс науқанының барысы жайлы жазуға келген газет тілшілерін серіктестік басшысы өзі қарсы алып, ауылын, егін алқабын аралатып, жұмысшы-механизаторларымен де таныстырды. Іргелі шаруашылықты бір жыл ғана басқарып келе жатқан Рустам Жексенбайұлы отбасында екінші бала. Ауыл баласы жасынан ауыл тіршілігін жақсы білді. Мектеп бітіргеннен кейін ойланбастан, ауыр шаруашылығы саласын қалап, агроном мамандығы бойынша білім алады. Ол оқу бітірген соң, жоғары білімді агроном болып көп жылдар өзіне тәжірибе жинайды. Ауыл шаруашылығының әр саласында еңбек атқарған ол, көпжылдық тәжірибесін пайдалана отырып, өзі еңбек ететін серіктестіктің де қолдауымен басшы болуға келісімін береді. Шамалы ғана уақыт өтсе де жұмысының қыры мен сырын әбден түсінген маман көктемгі егіс жұмыстарын қарқынды жүргізіп жатқан жайы бар екен. Бұл шаруашылық аудан көлеміндегі басқа шаруашылықтардан озық техникаларымен ерекшеленеді. Аудан бойынша «АстықСТЕМ» ЖШС-нен кейін алғашқылардың бірі болып, егінді суару технологиясы бойынша арнайы техникамен жабдықталған. Төрт италияндық «ИРТ» суару техникасы биыл өз жұмысын бастайды. Жауын аз жауып, қуаңшылыққа ұрынып қалмас үшін бұл таптырмайтын техника. Инвесторлардың көмегімен алынған бұл 4 суару техникасы жергілікті су скважинасынан су алады. Қазіргі уақытта өсімдік және мал шаруашылықтарын қатар дамытып отырған қожалықтың тағы бір жетістігі – шаруашылықта сүтті мал шаруашылығын да мықтап қолға алып, сүт өңдеу кластерін құрмақшы. Осылайша, мал шаруашылығын дамытуды азықтық базамен үйлестіре білген басшы шаруашылығы бір-бірімен біте қайнасқан кешенді жоспарларымен бөлісті. 200-ден артық сауын сиыр тәулігіне 3 тонна сүтті Петропавлдан келіп алып кетеді. «МаслоДел» сүт зауытымен алдын ала жасалған келісім бойынша жұмыс жасайды. Бүгінде сауын сиырға арнап жаңа жазғы ферма салдырып жатқан қожалық басшысы сүттің сапалы болуы бірінші кезекте механизаторлардың егіс алаңдарындағы жұмыстарымен тығыз байланысты екенін атап өтті. Ол үшін азықтық базаны тек егіп, өсіріп қана қоймай, оның қамбаға түсіп, қажетті деңгейде кептіріліп, сақталуын қадағалау да өте маңызды. Осы мақсатта шаруашылықта астық сақтайтын қамбалар да бар.

– Биыл көктем ерте келді. Осыдан-ақ жаздың да ерте орнайтынын білуге болады. Жалпы, соңғы жылдары жаз айлары өте ыстық әрі жауынсыз болып жүргені рас. Ендігі үмітіміз, осы суару техникасында, - дейді басшы. Бұл арнайы техника үшін бұл жерде су қоры бар. Арнайы скважина да бар. Ылғал сақтау – басты міндет. Күн райына ғана сеніп отыра берудің қажеті шамалы екенін түсінген шаруашылық басшысы соңғы жылдары егіс алаңдарындағы ылғалды сақтауға көбірек көңіл бөле бастаған. Бүгінде шаруашылық жер өңдеу технологиясын жақсарту мақсатында бірінші кезекте техникалық базаны жаңартуға көшкен. Шаруашылық басшысының бұл сөзінің



жаны бар екеніне себу жұмыстары жүргізіліп жатқан егіс алқабына барғанда көзіміз жетті. Бір кездері егістікте бірнеше трактор тізбектеліп, қыруар адам жұмыс істеп жататын. Бүгінде мұндай қым-қуыт тіршілікті байқамайсың. Астық дақылдарының соңғы қалған гектары себіліп жатқан алқапта бар-жоғы бір трактор ғана жұмыс істеп жатыр. Су жаңа «VERSATILE 460» тракторын басқарған механизатор Александр Минаков тракторда жұмыс істеудің өзі бір ғанибет екенін айтады. Айналаны кедергісіз көру мүмкіндігінің, жүргізу жеңілдігінің жақсы екенін алға тартқан ол кабинада қарапайым тракторда кездесе бермейтін кондиционер, борттық компьютер сияқты заманауи жетістіктердің бар екенін атап өтті.



– Мұнда жұмыс істегеніме 15 жылдың жүзі болды. Бұған дейін басқа тракторларды жүргіздім. Әрине, олар мынадай жаңа тракторлармен мүлдем теңесе алмайды. Мұнда шаршамайсың әрі жұмысыңды тез аяқтайсың, – дейді Александр.

Жалпы, Тайынша ауданы ылғалы аз аймаққа жататыны белгілі. Осы себепті бұл ауданда егін егу көп жағдайда тәуекелі көп шаруашылық түріне жатады. Сондай-ақ минералды тыңайтқыштар бойынша да мәселе жоқ. Рустам Жексенбайұлы басқарып отырған шаруашылықта арнайы қондырғымен тыңайтқыш жасау технологиясы да қолға алынған. Тыңайтқышты өздері пайдаланумен қатар, басқа шаруашылықтарды да қамтамасыз ету жоспарда бар.



«Ас-адамның арқауы»,- дегендей шаруашылықта жұмысшылардың тамақтануына да ерекше көңіл бөлінеді. Аспаздар М.В.Янн мен О.И.Янн өз ісінің шеберлері, тамақтары әрқашан дәмді. Шаруашылықтың механизаторларымен қатар, құрылыс жұмыстарындағы жұмысшыларға да ас мәзірін дайындайтын аспазшыларға шаруашылық жұмысшыларының алғысы шексіз. Машина – жөндеу алаңындағы техникалар арнайы жөндеуден өтіп, сап түзеген. Дистпечер С.П.Лоновенко, техника жөндеу шеберханасының меңгерушісі В.Кухарский, есепші-учетчик Е.Мустаханов та өз жұмыстарының мамандары екені бірден байқалады. Жалпы бұл ұжымда 100 адам еңбек атқарады. Көктем-күз жұмысшылар екі ауысым жұмыс атқарады. Ай сайын еңбек ақылары беріліп, жұмыс арасында дем алуға жағдайлар жасалған. Ауылда кешкісін жастар жағы бос уақытын өткіуге бұрынғы мектеп ғимаратына жиналатыны да сөз болды. Бос қалған бір кездегі білім ошағы бүгінгі таңда осы шаруашылық қарамағына алынып, ауыл жастарына спортпен шұғылдануға аз да болса жағдай жасалған.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

БАР МЕЙІРІМ – БАЛАЛАРҒА

Жас ұрпақ тәрбиесінде еңбекке баулудың маңызы жоғары. Қазақ ерте кезден-ақ жас баланы еңбексүйгіштікке, жалқаулықтан ада болуға үйреткен. Ұлы ойшыл әл-Фарабидің өзі «Тәрбиенің негізі – еңбекте» дейді. Тіпті, білім алудың өзі еңбек арқылы келеді. «Тайдың – мінілгені, баланың – жұмсалғаны білінбейді» десек те, егемен елдің ертеңі болар бүгінгі өрендерге жан-жақты тәрбие беріп, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз етіп, толыққанды білім алуына жағдай жасау Қазақ елінің басты міндеті. Бұл ретте ашық қоғам, әділетті мемлекеттің атқарар рөлі зор. Сондықтан мемлекет балалардың мұқтаждығын өтеу үшін бюджеттен арнайы қаржы бөліп, олардың тиісті білім алуына, денсаулықтарын қадағалауға, жаман әдеттерге ұрынбауына, осы секілді тағы да басқа көптеген мәселелерді қамтуды мойнына алып отыр. Қазақта «Үлкеннің мыңына бергенше, баланың біріне бер» деген сөз бар. Жас ұрпақ елдің ертеңгі алтын діңгегі болуы тиіс деген Қазақстан мемлекеті тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ұл мен қызды білімді де білікті, озық ойлы етіп тәрбиелеу мақсатында қолдан келген бар мүмкіндікті жасап келеді. Алайда балаға бір күн ғана назар аударған жеткіліксіз. Оның болашағының жарқын болуы үшін өмір бойы жұмыс істеген абзал. Дүрбелеңге толы дүниеде болып жатқан көптеген келеңсіз оқиғалардың бел ортасында жазықсыз, бейкүнә сәбилер жапа шегуде. Қаншама бала босқын санын көбейтіп, бөгде елдің босағасын сығалап жүр. Бала – бақытты болуы үшін жаралған. Сондықтан да балаларды саясатқа араластырмаған жөн. Бала – бақытты балалық шақты сезініп өссе екен... 2022 жылы маусым айының 1 жұлдызында Чкалов ауылдық округінде Халықаралық балаларды қорғау күні әкімшіліктің ғимаратының алдындағы орталық алаңда атап өтілді. Бұл іс-шараға біраз халық жиналды. Ауыл әкімі Садуақасов Сәкен Төкенұлы сөз сөйлеп балаларды мерекелерімен құттықтап, бақытты балалық шақ, оқуда да өмірде де жетістікке жете берулерін тіледі. Артынан мектеп оқушыларының күшімен концерттік программа көрсетілді. Сол күні сағат 14-00-де мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Ай-Ару» жергілікті кафеінде «Қожағұл Махмет қажы» мешітінің имамы Бекмағамбетов Арман Егінбайұлының қаржылай қолдауымен ас беру және үлкен көңілді іс-шара ұйымдастырылды. Оған мүмкіндігі шектеулі 13 баладан басқа, олардың ата-аналары, тәрбиешілері, әкімшіліктен іс-шараларды ұйымдастырушы Добжанская Неля Феликсовна қатысты. Осы іс-шараға Арман имам Көкшетау қаласынан әдейілеп қаржыларын төлеп: «Алдияр» атты мерекелерді ұйымдастыратын жеке кәсіпкердің әртістерін және Көкшетау қаласының ең беделді асабаларының бірі Хасенов Нұрқасыммен бірге елімізге танымал, Ү.Ыбырай атындағы Ақмола облыстық филармониясының солисі, дәстүрлі әнші Хасенов Сарсенбайды осы тойға шақырып, керемет естен кетпес шоу ұйымдастырды. Қатысқан балалар да ата-аналар да бірге араласып кештің көңілді өтуіне ат салысты, бәрі өте разы болды. Өз сөздерінде зейнеткер-әже Нина Станиславовна Грановская – бұрын соңды мұндай іс-шараның болмағанын және де керемет әсер алғанын айтты. Сөйлеуге сөз берілген ата-аналар да шексіз жылы лебіздерін Арман имамға білдірді. Өз сөзінде имам аталған іс-шараны ұйымдастыру себептерінің бірі мүмкіндігі шектеулі балаларға қамқорлық көрсету және оларға назар аудару екенін атап өтті. Ол барлығына денсаулық тіледі, осы іс-шараға қатысқан әртістерге, аспаздарға, балалар мен немерелерін әкелген ата-аналарға алғысын білдірді. Бұғанға дейінде имам- 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай 60-тан астам ата-әжелер үшін мерекелік ас ұйымдастырды, мәуліт айында қазақша күрестен балалар арасында облыстық турнир өткізді. Ол болашақта да осындай іс-шараларды ұйымдастыруды жоспарлап отырғанын айтты. Кездесуге келе алмаған балалар үшін дәмді тағамдар мен шырындары бар бірнеше сөмкелер балалардың үйлеріне жеткізілді. Іс-шараға демеушілік көрсеткендер: «Астана 2010» ЖШС - Какенов Шыңғыс Жанатұлы ет жағынан көмектесті; «Санжар» дүкені - Мәметхан Серікжан, «Аққу» дүкені - Әбдікәрімова Дамира столға қойылған тәттілер мен жеміс алуға өз үлестерін қосты. Осылайша бар мейірім балалардың құрметіне арналды.

Орынбай Сейітов,

Чкалов ауылының тұрғыны.

ҚАЗАҚ ЗАФИПТАР ҚОҒАМЫНА - 85 ЖЫЛ

Қоғамның ажырамас бөлшегі – мүмкіндігі шектеулі жандар. Мемлекет те олардың қоғамнан тыс қалмауын жіті қадағалап келеді. Алайда көру мүмкіндігі шектелсе де, олар қол қусырып қарап отырмайды. Тек үйде ғана емес, қоғамдық шараларға да белсенді қатысып, өз өнерлері мен шығармашылықтарын көрсетіп жүр. Өйткені қазір оқшау қалған мүгедек жоқ, бірі – оқиды, бірі – кәсіппен шұғылданады, енді бірі – жұмыс істейді. Дені сау адамдармен қатарласа еңбек атқарады десек, артық емес.



Мүмкіндігі шектеулі жандар бізбен бірге бір қоғамда өмір сүруде. Бірақ оларды белсенді ортадан сирек көретініміз рас. Олардың өзгелер секілді өмір сүруі, жұмыс істеуі қаншалықты қиын екені айтпаса да түсінікті. Қазір біздің қоғам өркениетті көзқарасқа бейімделіп келеді. Арамызда мүмкіндігі шектеулі жандарға кедергісіз болашақ сыйлап, өздеріне жақын тартып, жан-жылуын беруге ниетті жанашыр жандар да аз емес.

Жазмыштың жазуымен жанарынан айырылған адамдар аз емес. Тағдыр тауқыметін тартқан олардың тірлігі қиындыққа толы. Дегенмен денсаулығым жарамайды деп, қол қусырып, қарап отырмайды. Қоғамдық іс-шараларға қатысып, өз өнерлерін ортаға салып жүр.

Күн сәулесін бір сәтке болса да еркін көру – зағиптар үшін өмірдегі баға жетпес, ең асыл арман. Айналадағыны тек сипау арқылы ғана сезіп, көкірек көзімен көруден басқа қолдан келер қайран жоқ. Алайда олар – жазмыштың жазғанына жасымайтын қайсар жандар. Міне осындай жандар қатары Тайынша ауданында да бар. 58 адамды құрайтын арнайы қоғамға – қоғам белсендісі Амантай Жантілесов жетекшілік жасайды. Көзден мүгедек жандарға үнемі қамқорлық танытып жүреді. Тайынша қаласында



Қазақстан бойынша Зағиптар қоғамына – 85 жыл толуы ерекше аталып өтті. «Қазақ соқырлар қоғамы» бірлестігінің Солтүстік Қазақстан облысының филиал жетекшісі Айнагүл Уразбайқызы Ташенова мерекелік іс-шараға арнайы келіп, қоғам мүшелеріне ізгі тілегін білдірді. Ол жыл көлемінде қоғамда белсенділік көрсетіп, түрлі спорт ойындары мен түрлі байқау, концерттерге қатынасқан жекелеген азаматтарға сыйлық пен жоғары марапаттар тапсырды. Мерекелік іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Г.Батенова, аудандық мәслихат хатшысы, халық қалаулысы С.М.Бекшенов, қала әкімі В.Шпаковский және мемлекеттік мекеме басшылары қатынасты.

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, «Тайынша таңы»

• Өмір-өзен

Отбасының тағылымдық дәстүрлерін зерделей түскен сайын ата-бабаларымыздың бойындағы адамгершілік қасиеттеріне көбірек қанығып, қуаныш сезіміне бөленеріміз хақ. Бір ғасыр өмір сүріп, қилы кезеңдерді бастан өткерген әжеміз Қазиза-Қазкен Қадырбергенқызы ар-ожданы алдындағы парызын адал атқарған әйел затының асылы еді. Ал, биыл тоқсан жасқа толатын әкеміз Қайырбек Сыздықов пен аяулы анамыз Шаушан Рахметоллақызы да кішіпейіл, биязы мінезімен ағайынның сый-құрметіне бөлене білді. Ұрпақ санасында өшпес із қалдырған осынау асыл жандардың жарқын бейнесіне тағзым ете отырып, 12 маусымда Тайынша қаласындағы «Лидия» дәмханасында құран бағыштап, ас бермекшіміз.



ОТБАСЫ ТАҒЫЛЫМЫ - ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Әжем Қазкен Қадырбергенқызы мен әкем Қайырбек Сыздықұлы және анам Шаушан Рахметоллақызының рухына тағзым етеміз

Қаршадайымыздан нағашы әжеміз Қазиза-Қазкен Қадырбергенқызының бауырында өскендіктен бәріміз оны мама ал, туған анамыз Шаушанды тәте дейтінбіз. Елі еркелеткен Қазкен апамыз шын мәнінде де мінезі жұмсақ, үлкенді де, кішіні де сыйлап тұратын парасатты жан еді. Тазалықты, тәртіпті қатты ұнататын. Өскен ортасы, шыққан тегіне келетін болсақ Атығай руынан тарайтын Құлансу ұрпағы. Дәлірек айтар болсақ, Теңдік ауылында 1922 жылы туған апамыз ашаршылық, қуғын-сүргін, соғыс сияқты алапат дүрбелеңдерді бастан кешірсе де жігері мұқалмай, қиындыққа қасқиып қарсы тұра білді. Ескі атауы Талтүбек-Дәрмен, бүгінгі атауы Теңдік ауылында 1912 жылы туған Рахметолла-Нұртай Мұханбетжановпен дәм-тұзы жарасып, шаңырақ құрды. Рахметолла атамыз да Құлансудың Алтыбай ұрпағынан тарайды. Ауыл тіршілігіне белсене атсалысқан абзал азамат 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанып, сол жылдың желтоқсан айында қаза табады. Бұл қаза апамыздың да, туған-туысқандардың да қабырғасын қайыстырғанымен, тағдырға ешкім араша түсе алмайды. Сұм соғыс қаншама боздақтарды жалмады ғой!

Басқа түскен соң зобалаң тауқыметтен құтыла алмайсың. Құсайын-Тәрбақ, Хасен ағалары және Балқия апасының сүйеуімен жас келін – Қазкен қайғы-қасіретке мойымай, соғыста шәйіт болған ерінің 100 жастағы анасы Шоқан әжені бағып-күтті. Әжеміздің көзі көрмей, ұзақ уақыт төсек тартып жатқанымен, көкірегі ояу болатын. Үйге келген балаларға жастығының астынан кәмпит алып беруші еді, жарықтық! Ғасыр құрдасы атанған сол әжемізді Қазкен апамыз ақтық сапарға 1969 жылы өз қолымен шығарып салды. Қалайша риза болмассың! Майданда жүрген есіл ері Рахметолла атама арналған бір шумақ өлеңінде Қазкен апа былай депті:

Торланған қалың ойға шырмаламын,

Өрмелеп биік шынға шыға алмадым.

Жылдан-жыл, күндерден күн өтіп барад,

Дариға ашылмады бір қабағым.

Қарт анан жас баламен сағынып жүр,

Алда аға, артта інің жоқ, жалғыз едің.

Армандаумен серігін зарығып жүр,

Серігім жалғыз едің бір ұяда,

Артында Шаушаныңды ойлайсың ба?

Үйдегі көне альбом мен ескі құжаттарды ақтарып отырғанымызда осы өлеңді тауып алып, оқығанымызда еріксіз көзімізге жас алдық. Жалпы, Қазкен апамыз оқығаны аз болғанымен, тоқығаны мол, көне тарихты көп білетін. Оның айтуынша, 1921-1937 жылдарғы ашаршылық кезінде Теңдік ауылына Прибалтикадан көшіп келген Юстус деген азамат жергілікті тұрғындармен тез тіл табысып кетті. Қазақтар оны бауырына басты, Юстус болса жергілікті тұрғындарды тауық еті мен жұмыртқа жеуге үйретті. 1944 жылы жер аударылып келген ингуштар мен шешендердің ішетін

тамағы түгіл үстеріне киер дұрыс киімдері де болмапты. Ауыл адамдары оларды да жатсынбай, бауырларына басып, көмек қолын созды.

Ел басына түскен тауқыметті үлкендермен бірдей бөлісе білген жасөспірімдер аңызда масақ теріп, қол шалғымен шөп те шапты. Осы жұмысты Қазкен апам да атқарды. Соғыс жылдары Теңдіктің үлкендері Сатыбалды мен Ерғали аталар ауыл іргесіндегі көлден балық аулап, елді асырапты. Әйелдер болса әр сиырдан 4 килограмнан май жинап, шұлық тоқып майданға жіберіп отырған.

Рахметолла-Нұртай нағашы атамыздың ағасы Рамазан атай еңбек армиясынан оралған соң, колхоздағы науқандық жұмыстарға білек сыбана кіріссе, апасы, үлкен әжеміз Зия сауыншы болып істеді. Жоғары еңбек көрсеткіштеріне қолжеткізгені үшін ол Қалиасқаров Балғожамен Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесіне қатысты. Бір қызығы, әжеміздің шатырға жайып қойған құрттарын ұрлап жейтінбіз. Шіркін, табаға қуырған бидайының дәмі тіл үйретін. Рамазан атаның жұбайы Жұмаш аптайым Қазкен апамен абысын болғандықтан, араларынан қыл өтпейтін. Бастары қосыла қалғанда әзілдері жарасып әңгіме-дүкен құратын. Көрген бейнеттері аз болмаса да, өмірден күдер үзбей, қуана да білуші еді, жарықтық!

Нағашы апаларымыз Роза тәтеміз, Жібек, жездеміз Мырзабай тек туыстар ғана емес, ақкөңіл, рухы мықты, қайырымдылығы мол, адамға жақсылық жасауға асығып тұратын. Жақсы отбасын құрып, балалы-шағалы болды, дос-құрбыларының алды боп, қазіргі таңда немере-жиен сүйіп отырған жағдайлары бар. Ыдырысовтар отбасы – Орынбасар тәте, Құралай, Серік, Сымбат, Қымбат өте дарынды, мәдениетті, адамгершілігі мол, жүрегі кең жандар.

Шоқан әжеміздің інісі Сейітбатал-Шонтас отбасымен Ортақ ауылында тұрды. Шонтас ата Қадиша әйелімен бізге жиі қонаққа келетін. Ол көптеген қызықты және тарихи әңгімелер айтатын. Біз олардың келгеніне өте қуанышты болатынбыз. Шонтас ата мен Қадиша апаның әдепті ұлдары Серікпай, Өсербай, қыздары Ермек, Айтжамал, Шайжамал қадірлі туысымыз. Өнегелі ұрпақтары өсіп келеді.

1932 жылы Чкалов ауданындағы Жаңатілек ауылындағы Арғын-Атығай, Атығай-Бағыс ұрпағынан тарайтын Қайырбек әкеміз де тағдырдың қилы кезеңдерін бастан көп кешірді. Әкесі Сыздық Жаныбеков Меккеге қажылыққа барса, анасы Бадиша Жаныбекова бала тәрбиесімен айналысты.

Іштерінде көп болған сауаты азы,

Мал соңында салпақтап қысы-жазы,

Күн кешіп «Алла-құдай» дегенімен,

Меккеге де барыпты Сыздық қажы.

Имандылыққа бет бұрған қариялар ерте қайтыс болғанымен, ұлы Қайырбек ағайынның қамқорлығы арқасында жетімдік көрмей, етінің тірлігімен сабақты жақсы оқыды. Кеңес Армиясы қатарында азаматтық борышын өтеп келген ол Красноармейск қаласында тұратын үлкен апасы Сара Сыздыққызы мен майдангер жездесі Әуәп Дәулетбековтың үйіне қонақшылап келгенде аудандық тұрмыстық комбинаттың тігіншісі, Теңдік ауылының тумасы Шаушанмен танысады. Автокәсіпорында жүргізуші болып істейтін Әуәп жездесі мен дүкен сатушысы Сара апасы екі жастың ниеттерін құп көріп, үйлендіреді.

Бертіндері аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы болған Нұғыман Есмұханов пен Айша апай да өз қолдарында тәрбиеленген аталас туысы Шаушанның жақсы жерге барғанына қарсы болмайды. Жас жұбайлар әу баста Даңқой елі – Қарағашта қойма меңгерушісі Кәріп ағасы мен қой аузынан шөп алмайтын Тыңыштық жеңгесінің қолында тұрады. Алайда, жас адамға ауылда қолайлы жұмыс болмағандықтан әкем мен анамызды екінші апасы Сәруар мен жездесі Есләмбек Чкалов селосына көшіріп алады. Жиендері Тоты, Мәнсия, Мәлік, Маруа жас отау иелерінің асты-үстіне түсіп, қолдан келген көмектерін аямайды. Жеке баспана да табыла кетеді. Әкеміз мектепте пионер вожатый болып істеп, дене тәрбиесінен сабақ береді. Алғашқы қуаныштары – Алма Чкалов селосында өмірге келді.

Нағима Камалиева әкемізді еске алғанымыз келеді, ол біздің әпкелеріміз бен ағамызға ана орнына ана болды, 12 жасынан бастап тәрбиеледі. Ол рухани жағынан нәзік, мейірімділігі, адамгершілігі мол, имандылықты серік еткен жан. Тәтем кез-келген адаммен ортақ тіл таба алушы еді. Нағима әкеміз бен Есләмбек атамыз бір-бірін құрметтеп, бақытты өмір сүрді.

Тұлабойы тұңғышы Шаушан қызын көзден таса қылғысы келмеген Қазкен әкеміз жас отбасын Красноармейск қаласына көшіріп алады. Үлкен апамыз Сарамен көрші тұрдық. Өмір осылай өз арнасымен жалғасып жатты. Қайырбек әкеміз 1965 жылы Орталық жинақ кассасының меңгерушісі – инженер-ревизорлар даярлайтын курсты бітіреді. Кәсіби біліктілігін шындау мақсатында 1970 жылы Целиноград қаржы-экономикалық техникумында оқыған соң, мемлекеттік сақтандыру мекемесінде инспектор болып істейді. Өмірінің соңғы жылдары Красноармейск аудандық ішкі істер бөлімінің күзет бөлімінде істегенде де, әріптестерінің құрметіне бөлене білді. Тікелей бастығы Қапез Тоқужинов болса оған үнемі қолдау көрсетіп, жастарға үлгі ететін.

Жалпы, Қайырбек әкеміз ескі хиссаларды көп білетін. Үлкенмен де, кішімен де әзілдесіп отыратын. Бір

ОТБАСЫ ТАҒЫЛЫМЫ - ҰРПАҚҚА ӨНЕГЕ

Әжем Қазкен Қадырбергенқызы мен әкем Қайырбек Сыздықұлы және анам Шаушан Рахметоллақызының рухына тағзым етеміз



отырыстан кейін көшеде милиция формасын киген орыс азаматын кездестіреді. Әлгі адам: «Сіз кім боласыз?», – деп сұрағанда, әкеміз кідірместен: «Полковник Сыздықов», – десе керек. «Мен аудандық милиция бөлімінің бастығы Бевзовоймын», – дейді бейтаныс адам. Ертеңіне жұмысқа келгенінде кеше көшеде жолықтырған адамның шын мәнінде аудандық милиция бөлімінің жаңа бастығы екенін біледі. Бұл әңгіме қолма-қол қалаға тарап кетеді. Полковник Геннадий Бевзовойдың отбасымен көрші тұрғанымызда жиі араластық. Ақылды басшы әкеміздің көпжылғы еңбегін жоғары бағалап, ескерткіш медальмен марапаттады.

Отбасындағы қуаныштар өз арнасымен жалғасып жатты. 1964 жылы өмірге Дулат, 1968 жылы Жанат келеді. Әкеміз суретті жақсы салатындықтан бізге сызу сабағынан жиі көмектесетін. Осы қабілеті Дулатқа, математика мен дәлдік ғылымға деген әуестігі Жанатқа дарыды. Жаратылысы мен бітімі ерекше, жаны жайсаң анашым Шаушанның ақылдылығына, сабырлығына таң қалатынбыз. Аудандық тұрмыстық комбинатта тігінші болып істегенде коммунистік еңбек екіпіндісі атағына ие болып, аудандық «Красная звезда» газетінде мақалалар да жарияланды. Әсіресе, Рахымовтардың отбасымен сыйластық қарым-қатынаста болдық. Әжелеріміз бен әжелеріміз, Розамен мамам дос болды. Мерекелер мен туған күндерді бірге тойлайтынбыз. Бұл естен кетпес қызығы мол қуанышты сәттер болатын.

Шаушан тәтеміз тамақтың түр-түрін өте дәмді пісіретін. Сондықтан болуы керек дастарханымыз қонақтан босамайтын. Үй жанындағы огородқа көкөністерді көп өсіріп, күзде бәрін тұздайтын. Өз сиырымыз, қойымыз, құсымыз болды. Тамақтан тарыншылық көрген жоқпыз. Алайда, қолда барды дұрыс ұқсата білудің өзі де өнер. Әкеміз ұлдарымен бірге малдың қысқы азығын дайындап, әкеміз күнде ерте тұрып, малды табынға қосатын. Шаушан тәтеміздің үйретуімен тоқуды, тігуді үйрендім. Ал, Теңдіктен қалаға келгенде орысша сөйлеуді білмейтінмін. Анамыз болса шыдамдылық танытып, бізбен бірге сабақ оқығандай тәптіштеп бәрін түсіндіретін. Жаңа жылда тігіп беретін карнавальдық костюмдеріне мектептегілердің бәрі қызығатын.

Көкшетау қалалық емханасында дәрігер болып істейтін Сәпия мен «Көкшетау» газетінің журналисі жездем Балталы Сәрсенбаевтың үйінде тұрып, кооператив техникумында оқыдым. Бұл да бір қызық дәурен еді ғой. Жексенбі күні менің Красноармейскіден келуімді балаларымен бірге олар да асыға күтетін. Тәтеміздің пісірген дәмді тоқаштары мен басқа да дәмді

тағамдарын жеп, мәре-сәре болушы едік. Көкшетаудағы статистика басқармасында істеген Алтын мен ішкі істер органының офицері Шахмаран Қасымов жездем де бауырмал, барғанда жаны-құты қалмайтын. Сара тәтеміздің Тайыншадағы ұл-қыздары Айман, Амантай, Болатпен жастық шағымызды бірге өткіздік. Олардың келіншектері Ақжанмен, Күмісжанмен телефонмен хабарласып, амандықтарын біліп тұрамын.

Қазкен әкеміз мен Шаушан анамыз өмірінің қызықты сәттерін өткізген Теңдік ауылының адамдары жайлы әңгімелегім келеді. Ауылдың қадірменді қариясы Қабдолла ата мен Асқап апаның ұрпақтары Бақсұлтан, Жамантай, Бексұлтан, Қалкен, Амангелді ағалар мен Сағат, Шекер апалар жаны жайсаң жандар ғой. Келіні Бақыт Қалиасқарова мен Шаушан тәтеміз аудандық тұрмыстық комбинатта еңбек қадамын бірге бастады. Күлшекей, Нүрилә, Рауиля апалармен де жақсы араластық. Рауиля апамыздың үлкен қызы Орынбасар тәтеміз әкеміз Қазкен туралы газетке көп мақала жазған. Тәтеміздің дос құрбылары Ермек Тоғаева, Саукен Жүнісова, Көкен Шахметова, Тиыштық Құрманғалиева – ағайынның мақтаныштары.

Әкемізбен көрші тұрған Қасқұлақов, Кенесбаева, Сәдуақасовтарды ерекше атағым келеді. Тайынша қаласында орыстармен, поляктармен, немістермен де көрші тұрдық. Сыйластығымыз жарасып, олармен де жиі араластық. И.Рамазанов, К.Бегенов, Байзолда, С.Омаровтан басқа, Күншығыс көшесінде Ж.Ақтанов, Р.Иқсанов, Б.Ханзадин, А. Есмағұлов, М.Серғазин, Е.Ташетов, Төкеновпен де көрші тұрып, жақсы қарым-қатынаста болдық.

Қазкен апамыздың жиендері Алтыншаш, Баян, Аян, Раушанның өздері де бүгін немере сүйіп, бақытқа бөленіп отыр. Тарбақ, Жұмабек ағалар мен Шәрияның немересі Дулатты әжем ерекше құрметтейтін. Сіңлісінің қызы Алтынай Рахматуллина Мәдениет ауылына тұрмысқа шықты. Ұлдары Сағдат, Сәбит және қызы Рымтаймен біздің үйге келгенде дастархан жайып, қуана қарсы алатынбыз. Тіпті, мамам оларға көйлек тігіп, жанасын дүкеннен сатып әперетін.

Қарағанды қаласында тұратын ет жақын туысымыз Серікпаевтар Теңдікке келгенде кішігірім той болатын. Ал, біз Қарағандыға барғанда Жұмағали ата мен Күлтай тәте театрға апарып, қаланы аралататын. Өкінішке орай ұлдары Серік, Берік, Ерік өмірден ерте өтті. Қыздары Ермекпен, немерелері Динара, Әлия, Күлтаймен күні бүгінге дейін тығыз қарым-қатынастамыз.

Алманың көршісі Ботагөз Тоқужинава мен оның қызы Марал біз үшін ең жақын адамдар сияқты. Ботагөздің

бойындағы тамаша қасиеті – адамдарға қол ұшын беріп, көмектесуге дайын тұратындығы. Ұрпақтарына ұзақ өмір беріп, ойлаған армандарына жетсін. Ел ағасы Орынбай қажы мен Бақыт Сұлтанқызы тәтемізге де айтар алғысым шексіз. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, ұлдары Шоқан мен Ақан ата-анадан алған тәрбиенің арқасында елге елеулі азаматтар болып, қоғамнан өз орындарын тапты.

Дулат қазір Тайыншада тұрады. Қолы шебер, бауырмал азамат. Ұзақ жыл «Тайынша-Жылу» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде электрик болып істеді. Дамир ұлы 3 сыныпты үздік бағамен бітірді. Алма Тайыншада қызмет істей жүріп, КИЭМ-нің бухгалтерлік есеп факультетін сырттай оқып бітіріп, бас бухгалтер болып істеді. Ал, Көкшетаудан Алматыға көшкеніме, інім Жанат пен келін Лена себепші болды. Бір жағынан Қазақ ұлттық университетінің ақпараттық технология факультетінде оқитын жалғыз ұлы Алиманның жанында болуды ұйғарды. Қазір екеуіміз де өз мамандығымыз бойынша жұмыс істейміз. Көкшедегі ағайындарды сағынғанымыз болмаса, Алматыға бауыр басып кеттік.

Жанат жайлы айтар болсам, қазір ол КИМЭП оқытушысы, профессор. Ағылшын тілінде сабақ береді. Көкшетауда тұратын Марат құдам мен Алевтина құдағымның қызы – Лена келінім Қазақстанның Шинхан банкісінде Риск менеджмент жетекшісі болып істейді. Үлкен ұлдары Санжар қазақ-түрік лицейін қызыл аттестатпен бітіріп, гранд бойынша Гонконгтың Баптийский университетінің табиғи ғылымдар факультетін биыл бітірді. Қазір Гонконгтың E&V компаниясының консалтинг бөлімінде істеп жүр. Қызы Садия Париждің Mode D Art университетінде дизайн менеджмент мамандығы бойынша оқиды. Кіші ұлдары Самир бесінші сыныпты үздік бітірді. Ол сонымен бірге, шахмат ойнаумен де әуестенеді. Бірінші разряды бар. Жансая Әбдімәліктің шахмат академиясында шеберлігі жоғары топта халықаралық гроссмейстерлерден дәріс алуда.

Әрине, шағын мақалада өзімізді білетін ағайындар мен дос-жарандарды толық айтып шығу мүмкін емес. Сол себепті есімдері аталмай қалғандар болса ренжімес деп ойлаймыз. «Орнында бар оналар», – демекші, Қазкен әкеміздің, Қайырбек әкеміз мен Шаушан анамыздың артында қалған үш тұяғы біздер де өмірден өз орнымызды тапқандаймыз. Бәлкім, қиын-қыстау сәтте олардың аруағы сүйеу болған шығар! Елімізге, халқымызға, туған-туысқандарға шексіз ризамыз!

Дулат, Жанат, Алма СЫЗДЫҚОВТАР.

Алматы қаласы.

«ӨЗІН ТӘРБИЕЛЕЙ БІЛМЕГЕН, ӨЗГЕГЕ ӨНЕГЕ КӨРСЕТЕ АЛМАЙДЫ»

ГүлнарБолатова, Самал Есмұханова, Тайынша қаласы №5 орта мектебі,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары.

Білім берудің негізгі бағыттарының бірі тәрбие жұмысы болып табылады. Мектептің тәрбиелік жұмыстары оқушылардың жан-жақты дамуына қарай жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде баланың рухани дүниесі мен өзін қоршаған ортаның өзара үйлесімді байланысын қамтамасыз етуге бағытталып, балалардың өмірлік өз жолдарын тануға, олардың азаматтық көзқарастары қалыптасуына, гуманитарлық құндылықтардың негізінде жетілуіне; әрбір жасөспірімнің тұлғалық өсуін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуге; өзіндік жолын табу еркіндігі болуына, табысқа жету жағдаяттарын тани алуына, өзіндік тәрбиеге ықпал етуге; жеке басының дамуына құрметпен қарауға бағытталады.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

1. Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
2. Ұлттық тәрбие
3. Отбасы тәрбиесі
4. Рухани-адамгершілік тәрбие (Діни тәрбие, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет)
5. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
6. Қоршаған ортаны, өзін – өзі оңтайлы қабылдауы, көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу
7. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
8. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
9. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта іске асырылады. Мектептегі тәрбиенің алға қойған міндеті мен мақсаты ол, жеке тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде рухани-адамгершілік дамуын қалыптастыру.

Рухани-адамгершілік және көшбасшылық қасиеттері бар, отаншылды, азаматтық жауапкершілігі бар, бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас мәдениеті, ақпараттық мәдениеті дамыған тұлға тәрбиелеу.

Сонымен қатар денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту;

балаларды азаматтылыққа, отансүйгіштікке, адам құқықтары мен бостандықтарын, мемлекеттік рәміздер мен ұлттық дәстүрлерді сыйлауға тәрбиелеу;

қазіргі заманғы қоғамдық өмірге және тиімді кәсіби іс-әрекет пен жеке басының және әлеуметтік кәсіби тұрғыда үздіксіз пісіп жетілуіне қажетті маңызды тұлғалық және кәсіби сапаларын қалыптастыру;

қоғамда орнықты қалыптасқан дәстүрлер негізінде этникалық және діни толеранттылықты тәрбиелеу;

отбасылық тәрбие жүйесін жандандыру және отбасын білім беру мекемелерінің тәрбие жүйесіне араластыру.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» – білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» атты ашық тәрбие сағаттары, «Кел, балалар оқылық!» 1 сыныптарға салтанатты жиын өтті. Тіл мамандары Жакен М, Хоксигэн К, Исмагулова Ж.Т Сейдимбек Акселеу 80 жылдығына, қазақтың педагог-ағартушысы, жазушы, фольклоршы, қоғам қайраткері, ғалым-этнограф Ы.Алтынсаринға 180 жыл толуына әдеби кеш ұйымдастырды. Сондай ақ классик жазушы, әңгіме жанрының хас шебері Сайын Мұратбековтың туғанына - 85 жыл толуына кітапханашы Мұханбеталина А.Б. оқу сағаттарын ұйымдастырды. Белгілі ақын, Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері, халықаралық «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының

жетекшісі Олжас Сүлейменов 85 жасқа толды. Әдебиет пен ғылымды ұштастырып, рухы биік шығармаларымен бүгін бір ұрпақты тәрбиелеген қаламгердің әлі де ұлтқа берері көп. Қазақ радиосына -100 жылдығы конференциямен, қазақ халқының біртуар азаматы, аты аңызға айналған тұңғыш кәсіпқой балуан Қажымұқан Мұңайтпасұлының туғанына жылына орай бүгінде 150 жыл толуын ашық тәрбие сағатымен кітапханада аталып өтті. Қазақ ақыны Ахмет Байтұрсынұовтың -150 жыл видео роликтер жасалып интернет желілеріне жарияланды. ҚР Тұңғыш Президент күні қарсаңында «Менің алғашқы Президентім» атты 5 сыныптарда ашық тәрбие сағаты өтті. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік жетістіктері» 1-11 сыныптарда сынып сағаттары, «Тәуелсіздікке 30 жыл» өлеңдер сайысы ұйымдастырылды.

Оқушыларды құқықтық білімін жетілдіру, құқықтық білім әр адамның ісі екенін ұғындыру, ой өрісін дамыту, белгілі бір пікір айтуға, тұжырым жасауға үйрету, есте сақтау қабілетін жетілдіріп, сөздік қорын молайту және де оқушылардың бойына құқықтық патриоттық, адамгершілік тәрбиені сіңіру мақсатында «Сенің құқығың-менің құқығым», «Бала құқығы туралы» ББҰ Конвенциясының негізгі ережелері, «Мемлекеттік қызмет-өмірлік ұстаным» атты сынып сағаттары өткізілді. Сонымен қатар азаматтық қорғаныс күніне арналған кез келген апаттардан қорғану мақсатында мектеп эвакуация өткізу жұмыстары жүргізілді. 7-мамыр ҚР Қарулы күштер күні қарсаңында жоғарғы сынып оқушыларымен «Жас батыр» ойыны, 7 мамыр ҚР-ның Қарулы күштерінің Отанды қорғау күніне «Достық» алаңында салтанатты жиынға қатысты, «Бүгінгі күннің талабы», «Отан үшін-от кешкендер» тақырыбында 9-мамыр Жеңіс күні қарсаңында әдеби кештер мен сынып сағаттары өтті.

«Туған елге тағзым» жобасы аясында көрмесі ұйымдастырылды. «Тарих тағылымы» мен «Қазақ мәдениетінің антологиясы» әлеуметтік жобаларын, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» («Қазақстанның киелі географиясы») жобасын қамтитын «Ұлы дала мұрагерлері» жобасын іске асыруды жалғастыру қажет. Оқушылар арасында өлкетану білімін насихаттау және танымал ету мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру география пәні мұғалімі Амирханова А. А «Ауыл өмірі» саяхат сабақтар, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» Серік Есматов, Шахан Жолдасбаев, Зулфия Раухатовна туралы сынып сағаттары, «Қала өмірі» тақырыбында өздерінің тұрып жатқан Тайынша қаласының тұрмыс тіршілігі, қаламыздың көркеюі тура бейнероликтер жасалды. «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында «Қазақстанның киелі орындары» тарих мұғалімдері Тілеутай Қ.М мен М.Жапаров Н.Н әңгіме сағаттары өтті. Өлке тарихын білуге, ойша топшылаулар жасап, өздіктерінен ізденіс және шығармашылық пен жұмыс жасауға қызығушылықтары белсенділіктері оянып артады. Кітап білім бастауы, кітапты насихаттау мақсатында кітапханашы Мұханбеталина А.Б «Оқуға құштар мектеп» жобасы үнемі жүйелі түрде, «Рухани жаңғыру бағдарламасы» аясында жоспарланған кітап көрмелері, тақырыптық сөрелер атаулы күнтізбелер бойынша, олар: «Ата заң», «Ана тілім», «Қазақстан халқының бірлігі», ұстазды құрметтеп қадірлеу, еңбегін бағалау мақсатында мұғалімдерге арналған оқу сағаттары өтті.

Мектебімізде «Атамекен» мұражайы жұмыс істейді. Жетекшісі география пәнінің мұғалімі Амирханова А.А. Мұражай тарих, әдебиет, мәдениет, елтану мәселелері бойынша оқушылардың білімдерін толықтыра түседі. Алға қойған мақсаты, оқушыларға мұражайдың таусылмас қазына екенін ұғындырып, өткен өмір тарихын, ескі тарихын, ескі табиғи заттардың қадір-қасиетін, өткен мен болашақты жалғастырушысы екенін түсіндіру. Оқушылардың бойына зерттеу жұмыстарына бейімделуді, шығармашылық қабілетті арттыруға, аға буынның құндылықтарын бағалай білуді сіңіруге үйрету.

Өз Отанын, мектебін, жанұясын мақтаныш ететін, елінің өткені мен келешегіне үлес қосу. Өз өлкесінің мәдениеті мен табиғи байлықтарын сақтау.

Алға қойған міндеттері: мұражай заттарын зерттеу; жинақтау,

сақтау, насихаттау;

Үйірме жұмысы жеке, жұптық, топтық формалары арқылы және де сұхбат, сайыс, ойын, ақпарат жинау, мәселені шешу әдістері арқылы жүзеге асады.

«Тамырлық әдет-ғұрыптар» тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өтіп, сабақта қазақтың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптары тақырыбы кеңінен ашылды. «Туыстар мен жақындарға деген адал сезім», «Қарым-қатынаста біз қандаймыз?», «Ұлттық тағамдарды зерделеу» тақырыптарынла сынып сағаттары, «Қош, келдің Наурыз!» тақырыбына мектепшілік апталық жоспар құрылып, апталықта «Байұырсақ пати», «Қазақ әуендері», «Ұлттық ойындар» т.б тақырыптарда апта бойы наурыз меркесі тойланып өтті. «Ақ мол болсын!», «Ұлттық тәрбие - ұлт болашағы» атты сынып сағаттары өтті.

Мектебімізде «Жас қыран», «Жасұлан», «Өзін өзі басқару» ұйымы, «Жас сарбаз» жоғары сыныптармен әскери-патриоттық клубтары жұмыс істейді, балалар мен жасөспірімдер қозғалысының жылдық жоспарлар құрылған, мүшелері оқу жылының басында сайланып белгіленеді.

«Жас Ұлан» Республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымының Ұланбасына үміткер 5 оқушы сайлау алды үгіт насихаттарын жүргізді. Мектептің дәлізіндегі «Ұлан ақпаратына» Ұйым Ұланбасы үміткерлері мәліметі мен бағдарламалары ілінді. Сынып жетекшісі мен сыныптың Ұланбасылары мен сыныптас достары атынан үміткерлер туралы пікірлері алынды. 13 қыркүйек күні ұйым мүшелері мектеп оқушылармен ашық кездесіп, өз бағдарламаларымен ой бөлісті.

Қыркүйек айында мектебімізде өткен өзін-өзі басқару ұйымына сайлаушы өз дауыстарын беріп, сайлау мәресіне жетті. Сайлау нәтижесінде Ұланбасшы болып Мақаш Мадияр, ал мектеп президенті болып Елемес Елжас сайланды. Мектеп бойынша өзін-өзі басқару ұйымы Отбасы» күніне орай «Отбасы-бақыт мекені» апталығына сурет көрмесі ұйымдастырды. Ең үздік суреттер анықталып, жеңімпаз оқушылар марапатталды.

Мектеп оқушылары арасында түрлі аурулардың алдын алу мен салауатты өмір салтын насихаттау барысында медбикемен бірлесе «Денсаулық-зор байлық» тақырыбы аясында іс –шаралар ұйымдастырылды. Онда түрлі спорттық ойындардан эстафета ұйымдастырылды. Оқушылар қызыға әрі белсенді қатысты.

Қариялардың қоғамдағы орнын, тәлім –тәрбие, өнеге көзі екенін насихаттау, үлкенді сыйлауға, қарттарды қадірлеуге тәрбиелеу мақсатында қарияларға арнап жылы лебіздер мен өлең – жырлардан онлайн құттықтау жолданды. Қайырымдылық жасауға, қамқор болуға баулуға мектеп оқушылары қарттардың ауласын тазалау, күзгі жиын-терін жұмыстарына көмек көрсетті. Балалардың бос уақытын тиімді пайдалануға, уақыттың қадірін білуге, өз ісін жоспарлай білуге баулу мақсатында «Менің бос уақытым» атты видеоролик түсірілді. Олар бос уақытында немен, қандай пайдалы іспен айналысатыны жөнінде қызықты видеороликтер түсірді. Қоршаған ортаны қорғауға, қалдық заттардан бұйымдар жасай білуге үйрету мақсатында «Экочеллендж» ұйымдастырылды. Оқушылар түрлі қалдық заттардан қажеттілікке жарайтын заттар жасады. Ең үздік деп танылған еңбектер бағаланып, марапатталды. Бақыттың мағынасын ұғындыру, бақытты балалықты бейнелей білуге үйрету мақсатында «Бақытты балалық шақ» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар салған суреттері арқылы өз сезімдерін жеткізе білді. Кез-келген мемлекеттің айшығы – мемлекеттік рәміздері екені белгілі. Елін, жерін сүю мен Отанға деген адалдықтың бір белгісі – мемлекеттік рәміздерімізді қадір тұту болып табылады. Жас ұрпақты елжандылық негізде тәрбиелеуде де мемлекеттік нысандардың алар орны ерекше. Олай болса, рәміз дегеніміз не? Оқушылар арасында сауалнама жүргізіліп, рәміздер жайлы білімдері тексерілді. 1 желтоқсан-президент күніне орай әр сыныпта тұңғыш Елбасының балалық шағы, өмір жолы, атқарған қызметтері жайлы қысқа фильмдер көрсетіліп, Елбасы жайлы өлеңдер оқылды.

(Соңы газеттің келесі санында).

* * * * * X A B A P Л A H Д Ы P Y * * * * *

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 маусымдағы №906 Жарлығымен Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының №2 және №3 аудандық соттары таратылды.

<p>Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.</p> <p>Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.</p> <p>Индекс: 65710</p> <p>Газет әр аптаның жұма күні шығады.</p>	<p>Директор - Бас редактор Гүл НУРАЛИНА</p> 	<p>Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген</p> <p>Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.</p> <p>Талсырыс 190. Таралымы 1300.</p>	<p>МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:</p> <p>Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй.</p> <p>БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ:</p> <p>8 (715 36) 23-8-51</p> <p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама берудің автор өзі жауапты.</p>
--	---	---	---